

ТАРАПТАРДЫҢ АРАСЫНДА ТУЫНДАҒАН ДАУЛАРДЫ ПАРТИСИПАТИВТІК РӘСІМДЕР ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



А. А. АСЫЛБЕКОВА,
КАЗГЮУ Университетінің азаматтық, кәсіпкерлік және
азаматтық процестік кафедрасының аға оқытушысы PhD
докторы

Мақалада Азаматтық процессуалдық кодекстің ережелері бойынша қазіргі таңда сот тәжірибесінде жиі кездесетін дауларды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімнің ерекшеліктері қарастырылады. Тараптардың тең құқылы қағидалары мен партисипативтік рәсімдегі сот жүргізу тілін сот тәжірибесінде қолдану мәселесі талданады.

Түйінді сөздер: азаматтық үдеріс, партисипативтік рәсім, дау, балама, тараптар, жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Казақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап заңды күшіне енді. Жаңадан қабылданған Азаматтық процестік кодекстің ерекшеліктерінің бірі тараптардың арасында туындаған дауларды партисипативтік тәртібімен реттеу институтының енгізілуі болды. Соңғы кезде азаматтық істер бойынша қаралатын судьялардың жүктемесінің көптігінен осы институт енгізілді. Судьялар істі аз уақыттың ішінде тез қарауы салдарынан қоғамда қаралған істің сапасыздығы туралы сұрақтар жиі кездеседі. Сондықтан да, судьялардың жүктемесін азайту үшін және азаматтық істер бойынша қарайтын судьялар сапалы да, объективті шешім шығару үшін осындай дауларды партисипативтік тәртіппен реттеу институтын енгізу қажет болды.

Азаматтық процестегі тараптар партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасауға құқылы. Егер тараптардың құқықтары мен мүдделерін сотта мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе азаматтар, прокурор қорғайтын болса, аталған тұлғаларға партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасауға құқық берілмеген.

Партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім азаматтық процестің бірінші, апелляциялық және кассациялық сатыларын да қарастырылған.

Жалпы бұл партисипативтік термині француз тілінен аударған кезде «серіктес, ортақтас қатысатын» деп түсінуге болады. Яғни, мұнда белгілі бір туындаған дауларды сараптап және оны шешу үшін оны реттеуге қатысатын тұлғаның қатысуы болып табылады.

Партисипативтік процедурасының мәні әр тарапта адвокаттардың міндетті қатысуымен дауларды реттеу мақсатында тараптардың келіссөздер жүргізуінен тұрады. Нақтырақ, тараптар арасында кез-келген құжаттармен алмасуы тек қана олардың адвокаттары арқылы берілген құжаттардың тізімдемесін Францияның жаңа азаматтық процессуалдық кодексінің 1545 б. сәйкес құруымен жүзеге асырылады.

Партисипативтік процедурасы өзіне үшінші бір тәуелсіз, мүдделі емес, әділ тұлғаны қатыстыруды жоспарламайды. Бірақ, тараптар дауларды реттеу мақсатында партисипативтік процедура-сын жүргізу барысында маманға (сарапшыға) өтінішпен баруды қарастыра алады. Мұндай жағдайда тараптардың келісімдері бойынша нақты маман анықталады, сонымен қатар қатыстырылатын маманның міндеттері де бекітіледі (ФР ЖАПК 1547 б.). Маман тәуелсіздік талаптарына сәйкес болуы және өз қызметтерін тараптардың бәсекелік қағидасын сақтай отырып сапалы, тез және әділ жүргізуі қажет.¹

Француз республикасы дауларды реттеудің ішінде міндетті сипаттағы балама әдістерін қолданудың ұзақ тәжірибесімен белгілі. Бірақ, француз мемлекетінің дамуының түрлі кезеңдерінде француздың заң шығарушысы және дауларды реттеудің баламалы процедуралары арақатынасы өзгерді, ал институттың өзі бірнеше рет реформаланып отырды, оның ішінде ХХ ғасырда. 2010-2011 жж.

Францияда дауларды реттеудің баламалы нысанына соңғы рет ірі өзгеріс енгізілген болатын, соның нәтижесінде француз құқықтық жүйесі партисипативтік рәсім (procedure participative) сияқты дауларды реттеудің жаңа баламалы әдістері сынды заңнамалық бекітуді алды. Осылайша, қазіргі кезде Францияда дауларды реттеудің келесі баламалы әдістері заңды түрде реттеліп қолданылып келеді: келіссөздер; медиация; консилияция (келісім процедурасы); татуласу келісімі; сараптама; арбитраж (аралық сот); және партисипативтік рәсім.²

¹Зверева Н.С. Партисипативная процедура – новый альтернативный способ урегулирования споров во Франции // Арбитражный и гражданский процесс. Москва №4, 2014. С. 52.

²Там же. С. 49.



Францияның жаңа азаматтық процессуалдық кодексі дауларды реттеудің баламалы әдістерінің осы түрін қолдануға жататын келесі ережелерден тұрады:

- жалпы ережелер (1542, 1543 бб.);
- дауларды реттеуде (конвенциялық процедура-лар) (1544, 1546 бб.) тараптардың келісімін іздеу бойынша партисипативтік процедурасын жүргізу тәртібі және басшылық бастамасы;
- партисипативтік процедурасын тараптардың жүргізуі барысында маманды (сарапшы) қатыстыру мәселесі (1547, 1554 бб.);
- тараптармен дауларды реттеудің партисипативтік процедурасын өткізуінің қорытындылары (1555 б.);
- тараптардың келіспеушіліктерін толығымен реттеу партисипативтік процедурасын жүргізудің қорытындысы бойынша қол жеткізген келісімдерді тараптардың келісімін сотпен бекіту процедурасы (1557 б.);
- партисипативтік процедурасын жүргізудің қорытындысы бойынша тараптардың келісімін жарым-жартылай реттеу бойынша қол жеткізген келісімдерді сотпен бекіту процедурасы және келісімнің реттелмеген бөлігіндегі дауларды шешу және соттың қарастыру процедурасы (1558, 1564 бб.).³

Ал Қазақстан Республикасының Азаматтық процесік кодексінің 181-бабының 2-бөлігінде көрсеткендей: партисипативтік рәсім екі тараптың да адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы судьяның қатысуынсыз өткізіледі.⁴ Біріншіден, адвокаттың қызметі арнайы «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы заңымен реттеледі. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге, сондай-ақ дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесуге арналған.⁵ Екіншіден, тараптардың арасында туындаған даулар міндетті түрде адвокаттың қатысуымен жүргізіледі. Сонымен бірге партисипативтік рәсім міндетті түрде іске қатысатын тараптардың еркіндік қағидаты, тараптардың келіссөздерге келгенде олардың теңдік қағидаты мен іс жүргізудің тіл қағидаты сақталуға тиіс. Азаматтық процесік кодексінің 181-бабының 1-бөлігіне сәйкес та-

³Там же. С. 51.

⁴Қазақстан Республикасының Азаматтық процесік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің сайтынан <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (25.01.2016).

⁵Когамов А.М. Защитник-адвокат в контексте проекта новой редакции Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан // Право и государство. № 3(60) 2013. С. 64.

раптар партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәлімдеуге құқылы. Мұнда тараптар өзара еркін түрде партисипативтік келісімге келеді. Тараптардың арасындағы теңдік қағидаты толығымен сақталады. Сондықтан да, тараптар адвокатты таңдап алуына құқығы берілгенін байқауымызға болады және адвокатпен шартқа отырады. Тараптар партисипативтік келісімге келген кезде судья партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің мазмұнын мұқият тексеруі керек. Егерде келісім жасау кезінде жоғарыда көрсетілген қағидаттар және келісімге қойылған талаптар толық сақталған болса судья іс жүргізуді тоқтатып ол бойынша ұйғарым шығарады. Ал, егерде тараптар партисипативтік келісімге келмеген болса немесе қойылған талаптарға жауап бермейтін болса судья істі жалпы тәртіппен қарайды. Партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің тіл қағидатының сақталуын қажет етеді. Себебі, тараптардың бірі жүргізіліп жатқан істің тілін меңгермеген болса, оны аудармашымен қамтамасыз ету мәселелерін нақты шешуі қажет. Жақында Солтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты қарызды өндіріп алу туралы «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Астраханское» жауапкершілігі шектеулі серіктестікке талабы бойынша азаматтық істі партисипативтік рәсім (екі тараптың адвокаттарының жәрдемдесуімен тараптарды татуластырып, дауды реттеу) тәртібінде қарады. Талап қоюшы талап арызында жауапкерден негізгі қарыз бойынша 3 000 000 теңге берешекті, 2 730 000 теңге айыпақыны және мемлекеттік бажды төлеу бойынша шығынды өндіріп алуды сұрады.⁶ Сот отырысында тараптар дауды реттеу үшін партисипативтік рәсімдеу тәртібімен істі қарауына өз тілектерін білдірді. Бұл дауларды шешу үшін жаңа тәртіп бойынша іс жүргізу жеңіл және тез өтеді. Сонымен келісім шарты бойынша «Астраханское» жауапкершілігі шектеулі серіктестік 2016 жылдың 1 қарашасына дейін негізгі қарыз 3 млн. теңгені төлеуі керек. «Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» айыпақыны төлеуден бас тартты. Дау партисипативтік рәсімдеу тәртібімен реттелу туралы келісімге келгеннен кейін талап қоюшыға 171 900 теңге көлеміндегі мемлекеттік баж қайтарылып азаматтық іс тоқтатылды.⁷ Мұнда судья қазіргі Азаматтық процесік кодексінің 115-бабының 2-бөлігінің нормасын дұрыс қолданылған, ол

⁶Солтүстік Қазақстан облысында партисипативтік рәсім тәртібімен іс қаралды // <http://sud.gov.kz/kaz/tag/partisipativtik-rsim> (25.01.2016).

⁷В СКО осваивают партисипативную процедуру решения судебных споров // <http://newtimes.kz/eshche/regiony/item/25083-v-sko-osvaivayut-partisipativnyuy-protseduru-resheniya-sudebnykh-sporov> (25.01.2016).

нормаға сәйкес, бірінші сатыда тараптар дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасқан кезде, төленген мемлекеттік баж толық көлемде бюджеттен қайтарылуға жататыны туралы белгіленген. Сонымен бірге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Салық кодексінің 548-бабының 1-2)-тармақшасына сәйкес, іс бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда тараптардың татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқталған жағдайда – толық көлемде, кассациялық сатыдағы сотта – сот актісін кассациялық тәртіппен қайта қарау туралы өтінішхат берген кезде төленген соманың 50 пайызы мөлшерінде қайтарылады деп белгіленген.⁸ Мұнда заңнамада тараптардың өз мүдделерін қорғау үшін шығындалмай балама жолдармен шешуіне мүмкіндік берілген.

Тағы бір сот тәжірибесінде азаматтық іс партисипативтік рәсіммен қарастырылған Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында адвокаттардың қатысуымен «Р» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «С.М.С.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен қарыз ақшаны өндіру туралы азаматтық іс бойынша партисипативтік келісім жасалды. Жауапкер автокөлік құралын жалға беру құнын төлеуден жалтарған, нәтижесінде талапкер сотқа жүгініп қарыз сомасы 3939589 теңге көлемінде өндіруді сұраған. Сот талқылауы барысында тараптар партисипативтік келісімге келіп, жауапкер 2016 жылдың 31 қаңтарына дейін қарызды төлеуге міндеттенді, ал талап қоюшы келісім талаптарымен келісіп, талабынан бас тартты. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен партисипативтік келісім бекітілді. Азаматтық іс бойынша өндіріс қысқартылды. Сот ұйғарымы заңды күшіне енген жоқ.⁹

Павлодар қалалық сотында алғашқы рет адвокаттардың қатысуымен дауды партисипативтік рәсімі тәртібінде реттеу келісімі бекітілді. Азаматтық іс бойынша тараптар талапкер Д.-ның жауапкер Т.-ға қатысты ортақ меншіктегі мүлікке пай үлесін анықтап беру туралы туындаған дауға қатысты өздерінің құқықтарын пайдаланып, партисипативтік рәсім тәртібінде реттеуге өтініш білдірген. Тараптардың өзара келісімі бойынша талапкер Д. мен жауапкер Т. Павлодар қаласында орналасқан пәтерде ½ пай үлестерін анықтады. Дауды партисипативтік рәсім тәртібінде реттеу туралы келісімді соттың бекітуіне байланысты іс өндірісі қысқартылды. Ұйғарым заңды күшіне енген жоқ.¹⁰

Жоғарыда айтып өткеніміздей судьялар сотта партисипативтік рәсімдеу тәртібімен істі тәжірибеде қолдана бастады. Бірақ, азаматтық іс бойынша тараптар партисипативтік рәсімдеу тәртібімен көп жағдайда келісімге келе береді деп ойламаймын. Себебі адвокаттың қатысуымен қаралғандықтан біз білетініміздей адвокатқа да белгілі жұмысы үшін еңбекақысы төленуі қажет. Ал қазіргі таңда біздің елімізде дағдарыс кезінде бұл өзекті мәселе болып тұр деп ойлаймын. Сонымен, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын немесе

⁸Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодексі // Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің сайтынан // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000099_ (25.01.2016).

⁹Атырау облысының экономикалық сотында партисипативтік келісім жасакталды // <http://sud.gov.kz/kaz/news/atyrau-oblysynyn-ekonomikalik-sotynda-partisipativtik-kelisim-zhasaktaldy> (25.01.2016)

¹⁰Павлодар облысында партисипативтік рәсім тәртіпте алғаш рет келісім жасалды // <http://sud.gov.kz/kaz/news/pavlodar-oblysynda-partisipativtik-rsim-tripte-algash-ret-kelisim-zhasaldy-0> (25.01.2016)

заңды тұлғалар арасында ондай сұрақтар туындамауы мүмкін. Бұл жай қарапайым жеке тұлғалар арасында мәселе болып қалады. Әрине, партисипативтік рәсімдеу тәртібімен іс қарау жаңа институт болғандықтан тәжірибеде оның қалай дамып жатқанының біраз уақыт өткеннен кейін ғана байқауымызға болады.

Партисипативтік рәсімнің ерекшеліктерінің бірі – ол судьяның қатысуынсыз өтеді. Екі жақ та тараптардың адвокаттарының қатысуымен дауды шешу үшін келіссөздер жүргізу арқылы жүзеге асырады. Мұнда тараптар адвокаттарды міндетті түрде ұсынғаннан кейін дауды шешу үшін балама жолдарымен реттеледі. Тағы бір ерекшелік тараптар судьяның қатысуынсыз өткеннен кейін белгілі бір еркіндік пен теңдікті сезінеді.

Партисипативтік рәсімде азаматтық процеске қатысатын адвокаттарының маңыздылығының көтеретіндігін байқауымызға болады. Осыдан тараптардың арасындағы туындаған дауларды партисипативтік рәсіммен шешу кезінде адвокатты таңдау барысында тараптар оның қаншалықты сапалы шеше алатынына, кәсібилігі мен біліктілігіне көп мән берілетін болады. Мұнда адвокаттардың өздерінің арасында бәсекелестіктің пайда болатыны сөзсіз. Адвокаттардың арасындағы бәсекелестік ұлғайған сайын, тараптардың арасындағы партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің шеберлігі де жоғарылайды.

Жалпы партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім Азаматтық процесік кодексінің белгілі бір нормаларында бекітілген. Тараптардың арасындағы дауларды балама жолдармен реттеудің тәртібі ретінде тек партисипативтік қана емес, медиация тәртібімен дауларды шешу келісімдермен реттеліп жатады. Медиация тәртібімен реттеудің өзінің арнайы «Медиация туралы» заңы бар. Онда медиаторға қойылатын талаптары, оның құқықтары мен міндеттері, медиацияны жүргізу тәртібі толық қарастырылған. Сондықтан да, тараптардың арасындағы партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің жалпы құқықтық жағдайы, талаптары, процессуалдық құқықтары мен міндеттері және оның жүргізу тәртібі туралы арнайы заң қажеттігі болашақта туындайды. Себебі партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім тәжірибеде толығымен жүзеге асыру үшін оны реттейтін арнайы заң қабылдау керек. Қазірдің өзінде партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің сот тәжірибесінде қолдана бастағанын жоғарыда көрсетілген материалдарынан байқауымызға болады. Әрине Азаматтық процесік кодексінің жобасын талқылау барысында партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімі ақылы нысанда арнайы семинарлар өткізілді. Бірақ менің ойымша, партисипативтік рәсімнің реттеу тәртібі туралы келісімнің қарапайым халыққа қолжетімді болу үшін ақысыз семинарлар өткізілетін болса және әртүрлі арнайы бағдарламаларда көрсететін болса, ол болашақта жақсы дамитын еді.

Партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім – бұл тараптардың міндетті түрде адвокаттың қатысуымен белгілі бір екі жаққа да тиімді келісімге келуі және екі жақ та белгілі бір тиімді нәтижеге қол жеткізулері керек.

Біздің елімізде азаматтық процесік тараптардың арасындағы партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім алғашқы рет қолданылып келеді. Қазіргі таңда балама жолдармен дауларды шешуде медиация институты енгізілген және тәжірибеде жүзеге асырып келеді. Сондықтан да әртүрлі балама жолдармен дауларды шешу тәртібі елімізде дамыған сайын соттың істі сотта талқылау кезіндегі объективті және дұрыс шешімін шығаруына және тараптардың құқықтарының толық сақталуына кепілдік береді деп ойлаймын.

А. А. Асылбекова: Особенности разрешения гражданско-правовых споров в порядке партисипативной процедуры.

Рассматриваются особенности соглашения об урегулировании споров в порядке партисипативной процедуры по правилам нового Гражданского процессуального кодекса, которая все чаще встречается в судебной практике. Анализируется применение принципов равноправия сторон и языка судопроизводства в партисипативной процедуре.

Ключевые слова: Гражданский процессуальный, партисипативная процедура, спор, альтернатива, стороны, товарищество с ограниченной ответственностью.

A. Asylbekova: Features of regulation of civil disputes in the order of participatory procedure.

In this article author pays attention to features of the agreement about settlement of disputes in the order of participatory procedure by rules of the new Code of civil procedure. In judicial practice, we can see more and more cases of using of prejudicial dispute settlements procedure. In article was analyzed application of principles of equality of parties and language of procession pre-judicial dispute settlements procedures.

Keywords: Civil procedural, pre-judicial dispute settlements procedure, dispute, alternative, parties, Limited Liability Company.

НОВЫЕ КНИГИ**Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан 2014 года. Том 1. Общая часть.** Алматы: Жеті Жарғы, 2015.

ISBN 978-601-288-097-7 Т. 1. – 648 с.

ISBN 978-601-288-098-4

Комментарий содержит разъяснение норм Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан от 4 июля 2014 года, который введен в действие с 1 января 2015 года.

Комментарий адресован студентам, курсантам, слушателям, магистрантам, докторантам PhD, преподавателям, сотрудникам органов уголовного преследования, прокурорам, судьям, адвокатам, а также всем, кого интересуют вопросы современного уголовного процесса Республики Казахстан.

Рецензенты: Гинзбург А.Я. – к.ю.н., профессор, Заслуженный работник МВД РК и МВД СССР; Касимов А.А. – к.ю.н., судья Верховного Суда РК; Меркель И.Д. – Первый заместитель Генерального Прокурора РК.

Рекомендовано Учеными советами Университета КАЗГЮУ и Института изучения проблем законности, правопорядка и повышения квалификации кадров органов прокуратуры Генеральной прокуратуры Республики Казахстан им. С. Ескараева.

Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан 2014 года. Том 2. Особенная часть. Алматы: Жеті Жарғы, 2015.

ISBN 978-601-288-097-7 Т. 2. – 944 с.

ISBN 978-601-288-099-1

Комментарий содержит разъяснение норм Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан от 4 июля 2014 года, который введен в действие с 1 января 2015 года.

Комментарий адресован студентам, курсантам, слушателям, магистрантам, докторантам PhD, преподавателям, сотрудникам органов уголовного преследования, прокурорам, судьям, адвокатам, а также всем, кого интересуют вопросы современного уголовного процесса Республики Казахстан.

Рецензенты: Гинзбург А.Я. – к.ю.н., профессор, Заслуженный работник МВД РК и МВД СССР; Касимов А.А. – к.ю.н., судья Верховного Суда РК; Меркель И.Д. – Первый заместитель Генерального Прокурора РК.

Рекомендовано Учеными советами Университета КАЗГЮУ и Института изучения проблем законности, правопорядка и повышения квалификации кадров органов прокуратуры Генеральной прокуратуры Республики Казахстан им. С. Ескараева.